



*Түркістан облысы*

*Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі*

*«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ*



*«Қаражон» шағын жинақталған  
жалпы орта мектебінде 2022-2023 оку  
жылында тәрбие саласы бойынша  
атқарылған іс-шаралардың жылдық  
ЕСЕБІ*

*ДТІЖО: Т.Усенов*

## **«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебінде 2022-2023 оку жылында тәрбие саласы бойынша атқарылған іс-шаралардың жылдық ЕСЕБІ**

Түркістан облысы Сауран ауданы «Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектебі бойынша 2022-2023 оку жылына арнаған жылдық тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және қосымша 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы негізінде және «2022-2023 оку жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында оку-тәрбие процесін үйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырыпжасалды.

2022-2023 оку жылында мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабактан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын үйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Сабактан тыс қызмет шеңберінде мынадай **жобалар** іске асырылды:

- 1) «Отбасы-орта мектеп»
- 2) «Оқуға құштар мектеп»
- 3) «Еңбек – елдің мұраты»
- 4) «Ерте жастан экологиялық мәдениет»
- 5) «Қоғамға қызмет»
- 6) «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін үйымдастыру»

Осы жобаларды іске асыру білім алушылардың тәрбиелік, өмірлік кеңістігінің әлеуетін кеңейтуге, жеке тұлғаның өзекті қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берді. Жобаларды білім беру үйымы білім алушылардың отбасыларымен, басқа да әлеуметтендіру нысандарымен – білім беру үйимының әлеуметтік серіктестерімен тұрақты, ынтымақтастықта жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы, мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастыры оқудан тыс қызметті үйымдастырудың табысты нысандары болып табылады.

**Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»**

**Мақсаты:** Білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін арттыру.

Тәрбие беруде біз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген білім беру үйымдарына ұсынылған КР Білім және ғылым министрлігінің *тәрбие тұжырымдамасы* негізінде *тәрбиенің 8 бағыты* бойынша жұмыс жүргізіп келеміз.

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;

4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстеттикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

1-11 сыныптарда 14 сынып комплектісіне 164 оқушы қамтылған. 14 сыныпқа 14 сынып жетекшісі және 2 бірлестік 1-4 сыныптар бірлестігі (7 сынып жетекші), 5-11 сыныптар бірлестігі (7сынып жетекші) мектеп директорының бұйрығымен бекітілген.

Мектепте жылдық жоспарға сәйкес тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, діни экстремизмнің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттарында, «МобиЛЬДІ ТОП», «Жас полиция», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Ата-аналармен жұмыс», «Ұлдармен жұмыс», «Қыздармен жұмыс» т.б тәрбиенің негізгі салаларында «Бестік одақ» - тәрбие орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, сынып жетекші, ата-ана бірлесе отырып тәрбие жұмыстары жүргізілуде.

Барлық сынып жетекшілерінің 2022-2023 оқу жылына арнаған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және қосымша 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес жасалған тәрбие жұмыстары бойынша және жалпы білім беретін мектептерге арналған тәрбие жүйесінің тұжырымдамасы негізінде 8 бағыт бойынша атқарылатын жұмыс жоспарлары бекітілді және жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді

Жаңа оқу жылында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ішкі істер бөлімімен бірлескен іс-шаралар жасалып бекітілген. Жоспарлау барысында жан-жақты қалыптастып дамыған, қоғамдық белсенділігі артқан, әлеуметтік-толық қамтылған адамгершілікті тұлғаны қалыптастыру мақсат етілді. Сонымен бірге жасөспірімнің өмір ағымында кездесетін қолайсыз жағдайлардың алдын алу және болдырмау, жасөспірімнің қыын өмір жағдайларындағы құқығын қорғау және сақтау, жасөспірімнің оқу мен тәрбиесіне байланысты мәселелерді шешу үшін отбастарына көмек көрсету, оқушылармен байланысты туындаған даудамайды шешу, 9,11- сынып оқушыларының болашақтарын таңдауына көмек көрсету, жасөспірімнің әлеуметтік өміріне байланысты туындаған мәселелерге жауапты мемлекеттік, қоғамдық мекемелермен байланысты дамыту және толық жетілдіру міндеттері қойылған. Жоспарға сәйкес мектепішілік қыын, қыынға бейім балалардың есебін алу, оларға қоғамдық тәрбиешілер бекіту жұмыстары, оқушылардың отбасымен тығыз байланыста болу, отбасы жағдайларымен танысып отыру, ата-аналар үйымының құрамын бекіту, мектеп бойынша мұғалімдердің күнделікті кезекшілігін үйымдастыру, күзгі демалыс күндерінде барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, оқушыларды спорттық және мәдени шараларға қатыстырып отыру, мектепте, тұн мезгілінде мектептен тыс орындарда балаларды қатаң бақылауға алу, мобилдік топ құрамымен рейтер үйымдастыру, жалпы оқушылар жиналышын өткізу, онда тәртіп бұзған


кейбір «қынға бейім» оқушыларды» тәртіпке шақырып отыру, дәрігерлермен, құқық қорғау ұйымының қызметкерлерімен кездесу үйімдастыру жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілері, мектеп психологи тарапынан сабактан жиі қалған, кешігіп келетін «Қынға бейім» балалармен әңгімелер жүргізіліп, ата-аналарына хат жазып, телефон арқылы байланыс жасалып, бағыт-бағдар берілді.

Жылдық жоспар негізінде сыныптан тыс төмендегі жұмыстар атқарылды:


Мектепте 1 қыркүйек - «Білім күніне» арналған **«Терең білім, еңбеккорлық және отаншылдық қасиет»** тақырыбында Алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.




Салтанатты жиыннан соң 1- 11 сыныптарда **«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу тақырыбында білім сабактары өткізілді



- Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 05-15 қыркүйек аралығында «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» онкүндік іс-шаралар үйымдастырылып өткізілді.



05-09 қыркүйек аралығында «**Отбасы-бақыт мекені**» тақырыбында мектепшілік іс шаралар жоспары жасалып, апталық өткізілді: Отбасы күніне орай барлық сыныптарда ата – аналар жиналыстары, «**Отан – отбасынан басталады**» қабырға газеттерін шығару жұмыстары, «**Дені сау отбасы-мемлекет тұтқасы**» атты отбасылық құндылықтарды, салауатты өмір салтын насиҳаттауға бағытталған отбасылық жарыс, «**Отбасы- өмірдің мәні**», «**Отбасы- бақыт мекені**» тақырыбында 2, 7-сыныптарда ашық тәрбие сағаттары, «**Отбасым - сүйенішім, бақыттым!**» мерекелік концерт және жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық акциясы өткізілді.





**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көрнекті қоғам қайраткері, публицист, ғалым, аудармашы, ақын, әдебиет зерттеуші, түркітанушы А. Байтұрсыновтың туғанына -150 жыл тәрбие сағаттары, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына бұрыш (көрме) ұйымдастырылды өткізілді.**



**«Бақытты балалық шақ мекені», «Мектепке жол» қамқорлық акциясы өткізіліп, әлеуметтік топтағы балаларға қаржылай көмектер көрсетілді.**




**«Абайлаңыз балалар» жол-көлік оқиғасының алдын алу мақсатында 19-23 қыркүйек күндері апталық жұмыстар жүргізілді. Апталық барысында 1-4 сыныптарда «Жол белгілері-біздің досымыз», 5-8 сыныптарда «Жол қауіпсіздігі – өмір қауіпсіздігі» тақырыптарында тәрбие сағаты өтілді.**





19 қыркүйекте «Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналышы өткізілді.



«Мектеп ережесін сақтайың!»сынып жетекшілері тарапынан ата-аналарды, мектеп оқушыларын мектеп ережесімен, мінез-құлық ережелерімен таныстыру, жаднамалар тарқату жұмыстары, **мектеп медбикесі** 1-10 сынып оқушыларына «Сіз білуіңіз қажет!» жүқпалы аурулардан сақтану шаралары жөнінде кеңес беру жұмыстарын жүргізді.



**«Мен таңдаған мамандық»** тақыбында 9-11 сыныптар  
пікірталас, оқушыларғадене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын насиҳаттау  
мақсатында «Денсаулық фестивалі-2022» спорттық шаралар өткізілді.



**«Отбасы – орта мектеп»** жобасы аясында 01 қазан – Қарттар күніне орай  
**«Қарттарым - асыл қазынам»** тақырыбында 26-30 қыркүйек аралығында  
апталық іс-шара : тыл ардагерлерін, енбек ардагерлерін құттықтау ,  
**«Қарттарым-асыл қазынам»** тақырыбында мерекелік концерт  
үйымдастырылды.






Сонымен бірге сыншып жетекшілермен жеке жұмыс, әңгімелесу, мәліметтер жинау, әдістемелік көмек көрсету, жас сыншып жетекшілерге тәлімгер бекіту, сыншып жетекшілердің әдістемелік бірлестігіне басшылық жасау, мәжілістерін өткізу, сыншып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарын бекіту, жоспарға сәйкес жалпы, сыншыптар бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізу, ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау, жұмыс жоспарын бекіту, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесін құрылды. «Мобильді топ», «Жас полиция» тобының, «Ұлан» ұлдар мен «Қызығалдақ» қыздар клубтарының жұмысын жоспарлау, оны орындау, «Жас ұлан», «Жас қыран» мүшелерімен жұмыс жоспарлау, ұйымдастыру, білім алушылардың үйірмелерге, спорт секцияларымен қамтылуын бақылауда ұстая жұмыстары жүргізілді.



Қазан айының 03-07-сі аралығында ұстаздар мерекесіне арнап «Ұстаз - ұлы тұлға» тақырыбында апталық ұйымдастырылды. Апталық жоспарына сай



барлық сыйыптарда қабырға газеттері шығарылды. «Ұстаз – ұлы тұлға», «Ұстазым, сізге мың алғыс!» тақырыптарында 5, 6-сыныптарда ашық тәрбие сағаттары, 3-9 сыйып оқушыларының қатысуымен «Мұғалім бақыты–шәкірт құрметі» тақырыбында мерекелік концерт, «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» тақырыбында зейнеткер ұстаздармен кездесуөткізді.


«Еңбек – елдің мұраты» жобасы аясында «Адалдық сабагы» тәрбие сағаттары 1-11 сыйыптарға, «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында 10-14 қазан аралығы «Алтын күз» тақырыбында апталық іс-шара: «Күз кереметтері» 2-8 сыйыптар қабырға газеттерін шығару, «Күзбайлығым, берекем» тақырыбымен 1-4 –сыныптардың ертенгілігі,

«Алтын күз» сыныптаралық ( 5-8 сыныптар) сайысы, 9-11 сыныптар үшін «Күзгі балл» мерекелік кеші, «Алтын күз - күздің сыйы» атты 1-9 сыныптарда күзгі өнімдерден, табиғи материалдан жасалған суреттер мен қолдан жасалған бұйымдар, қолөнер көрмесі өтті.




25 қазан – Республика күніне орай 17-22 қазан «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында апталық іс-шаралар: «Атамекен» тақырыбында жалпы респубикалық патриоттық диктант-конкурсын үйымдастырылды, «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында жалпы респубикалық эссе байқауы, мектеп кітапханасында «Қыран елім - Қазақстаним» тақырыбында кітап көрмесі, фото көрме, 1-11 сыныптарда Республика күні мерекесіне орай өнірдің дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарды құрметтеу және көтермелеу жөнінде танымдық тәрбие сағаттары, «Ел ертеңі -

**жастар»** Республика күніне арналған мектепшілік спорттық шаралар, Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеуге «Рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» 9-сыныптаашық тәрбие сағаты, «Патриотизм дауысы» Мемлекеттік гимнді жаппай орындау, «Менің Отаным – Қазақстан!» Республика күніне арналған мерекелік концерттік іс-шаралары өткізілді.




**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым М. Әуезовтің туғанына 125 жылдығына орай 10-14 қазан «М. Әуезов - қазақ әдебиетінің тарланы» атты тақырыпта тәрбие сағаттары, «Біз - нашақорлыққа қарсымыз!» 5-8 сыныптар үшін сурет байқауы, 18 қазан-Рухани келісім күніне орай діни экстремизмнің алдын алу, КР-да тұратын халықтар арасындағы рухани келісімді насихаттау бойынша сыннып сағаттары. 2-11сыныптар, Өзін өзі басқару ұйымы ұйымдастыруымен «Ол кім? Бұл не?» зияткерлік ойын 7-8 сыныптар, «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында "Галамтор біздің өмірімізде" 8-10 сыныптар арасында пікірталас, «Шаңырақ» жобасы аясында «Неткен көркем, туған өлкем» сурет байқауы, 5-6-сыныптар, «Біз - нашақорлыққа қарсымыз!» сурет байқауы, 5-8 сыныптар «Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы аясында «Қылмыссыз болашақ» атты тақырыпта кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу мақсатында



учаскелік инспектор лар А. Каюпов, Д. Әшімбековтермен кездесу, өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен тұрмыс жағдайын анықтау мақсатындағы оқушылар үйлеріне рейд өткізілді.





Қараша айының 01-05 аралығы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, спорт пен өнер-білімге қызығушылықтарын арттыру мақсатында күзгі демалысқа іс-шара түзіліп, үйірме, факультатив жұмыстарын жандандыру, оқушыларды көптеп тарту, қамту және мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға экскурсия шығару жұмыстары ұйымдастырылды.




Сыныптар бойынша (1-11 сыныптар) I тоқсан қорытындысына арналған ата-аналар жиналыстарын, «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбымен сауалнама өткізілді.




**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақтың халық жазушысы, сыншы, мелекет және қоғам қайраткері «Ғ. Мұсірепов 120 жаста» 5-9-сыныптар рефереттар байқауы, Қазыбек бидің 355 жылдығына «Бабадан қалған асыл сөз» тақырыбында ашық тәрбие сағаты, «Өркендеу» жобасы аясында «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі» жұмыстарын жоспары жасалынды, жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. «Еңбек елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында қол жеткізген табысты адамдармен «Еңбек – ер атандырады» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларының қатысумен кездесу, 15 қараша - Темекі шегуден бас тартудың халықаралық күніне «Жаман әдегтен сақтан, жас дос!» тақырыбында 5-9- сынып оқушыларына мектеп дәрігерімен кездесу, 28.11-02.12 аралығы «1 Желтоқсан - Халықаралық ЖҚТБ-ға қарсы құрес күні» атты апталық іс-шара өткізіліп, «Салауатты өмір салты – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері тәрбие сағаттарын және дәрігермен, мектеп медбикесінің қатысумен кездесу өткізілді. Мектеп кітапханашысы Г. Жұсіпованың ұйымдастыруымен «100 кітап» жобасы аясында 7-9 сыныптармен «Елім деп соғар жүргегім» мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.**



Желтоқсан айында «1 желтоқсан - Халықаралық ЖҚТБ-ға қарсы құрес күніне орай «Біздің тандау – денсаулық!» тақырыбында 5-11 сыныптардың оқушыларымен флешмоб ұйымдастырылды. «Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы аясында 5-11 сыныптарда «9 желтоқсан - Сыбайллас жемқорлықпен халықаралық құрес күні» тақырыбында бірынғай тәрбие сағаттары өтілді.



12-22 желтоқсан аралығы ҚР Тәуелсіздігі мерекесіне орай «Ел бірлігі – тәуелсіздік тұғыры» онкүндік іс- шаралар өткізіліп, жоспар аясында «Тәуелсіздікке 31 жыл» тақырыбында мектеп кітапханасында бұрыш жасалды. 3 «ә»-сыныбында «Қазақстан- тәуелсіз ел», 5 «а»-сыныбында «Тәуелсіздік - тірегім»тақырыбында ашық тәрбие сағаттары, «Тәуелсіздік – ел тірегі» тақырыбында 8-11 сыныптарда шығарма байқауы, «Менің Отаным - Қазақстан» патриоттық әндер байқауын, «Тәуелсіздік – тәңір берген тәтті сый» мектеп көркем өнерпаздарының концерттік бағдарламасы үйымдастырылды және «Ел ертеңі – дені сау ұрпақ» мектеп оқушылары арасында спартакиада өткізілді.




Тәуелсіздік мерекесіне орай Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің үйымдастыруымен өткізілген байқауға 4 жанр – сурет, вокалды ән, эссе, мәнерлеп оқу бойынша оқушыларымыз қатысып, вокалды ән, эссе жанрынан Хабибулла Гүлім және Сағынтай Айым секілді оқушылар білім бөлімінің «Алғыс хатына» ие болды.





**«Рухы биік, арманы асқақ – Қазақ елі»** Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күнімерекесіне орай салтанатты жынын өтті. **«Жас қыран»** және **«Жас Ұлан»** Республикалық бірынғай балалар ұйымына оқушыларды қабылдау рәсімі: «Жас қыран» үйымына 2-4 сынып оқушылары арасында үздік 12 оқушы қабылданды. **«Жас ұлан»** үйымына 5 «а», «ә» сынып оқушылары арасында үздік 9 оқушы қабылданды.



**«Ғабиден Мустафиннің туғанына – 120 жыл» тақырыбында 5-10 сыныптар мәнерлеп оқу сыйысы, Қаражон ауылдың тумасы, еңбек ардагері, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, жазушы-журналист О Шаяхметұлын еске алуға арналған шығармашылық кеш өтілді.**




Өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен түрмис жағдайын анықтау мақсатында мектеп психологы, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілердің қатысуымен жоспарлы түрде оқушылар үйлеріне рейд жүргізілді. Жоспарға сәйкес «Есірткі және құқық бұзушылық» тақырыбында құқық қорғау органдары қызметкерлері А. Каюпов пен Д. Әшімбековтердің қатысуымен кездесу өтілді.





Желтоқсан айының соңғы аптасы 1-4, 5-8, 9-11 сыйнштарға арналған Жана жыл мерекесіне орай «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбында мерекелік іс-шара: 1-4 сыйнштар үшін «Қош келдің, Жаңа жыл!» ертеңгілік, 5-8 сыйнштар үшін «Жаңа жыл - жаңа жыр!» концерттік бағдарлама, 9-11 сыйнштар үшін «Көгілдір алау» мерекелік кеші өткізілді.



Қаңтар айы жоспар бойынша қысқы демалыстың іс-шара жоспары жасалып бекітілді, оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында үйрмелер жұмыс жасады. Білім алушылардың үйрмелерге, спорт секцияларымен қамтылуын бақылауда болды. Мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне экскурсиялар үйымдастырылды. 1-11 сыйнштарда II тоқсан қорытындысына арналған ата-аналар жиналыстары, мектеп бойынша I ж.ж. қорытындысына арналған жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.





**«Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында «Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылып өткізілді. «Оқуга қүштар мектеп» жобасы аясында Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына «Мақтан тұтар ұлы тұлға» атты ашық тәрбие сағаты, Өрт қауіпсіздігі апталығы, "Ғаламтор және оның пайдасы мен зияны" тақырыбында 7-10 сыныптармен өтілді.**



Ақпан айында "Ерлік елдікке жеткізөр" Ауған соғысы ардагерлерінің ерлік істерін насиҳаттау мақсатында апталық: «Отқа оранған отты жылдар», «Ауған соғысы», «Ауғанстан асуындағы отты жылдар», «Ауғанстан Республикасынан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл» тәрбие сағаттары мен бейнефильм көрсету, мектеп кітапханасында ауған соғысының ардагерлері туралы көрме, Ауғанстан Республикасынан Кеңес әскерлерінің шығарылудың 34 жылдығына арналған волейболдан, үстел теннисінен оқушылар арасында спорттық жарыстар, «Бас иеміз батыр деген бабаға» ауған-тәжік соғысының ардагерлерімен оқушылардың кездесуі, «Ауғанстан асуындағы отты жылдар» Ауған соғысының ардагерлерінің құрметіне арналған концерттік бағдарлама өткізілді.



6, 3, 4-сыныптарда «Әкең-асқар тауың», «Табиғат-ортак үйіміз», «Сақтансаң, сау боларсың» ашық тәрбие сағаттары, «Еңбек – елдің мұраты» жобасы аясында 9-11 сыныптар арасында «Мамандықтың бәрі жақсы» эссе байқауы, ай сонында 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту- парызым» мерекелік концерт, «Баршаңызға мың алғыс!» члендік, «Алғысым шексіз...» 6-сыныпта ашық тәрбие сағаты іс-шараларыöttі.




Наурыз айы 8 наурыз –Халықаралық Аналар күніне арналған «Артақтайық ананы!» тақырыбында апталық іс-шаралар: «Аналар – асыл жандар» мерекелік қабырға газеттері, 5-сыныпта «Сыйынар едім ана деген тәніріге», 1-сыныпта «Шуағын шашқан аялы алақан» ашық тәрбие сағаттары, «Мерекенмен, аналар!» ардагер - ұстаз аналармен, батыр аналармен кездесу, «Ардақтайық ананы!» тақырыбында мерекелік кеш өтілді.






«Жаңа Қазақстан. Күшіміз бірлікте!» өнер фестивалі мектепішілік өтті.



**«Окуға құштар мектеп» жобасы аясында әнші Ә. Найманұлының 155 жылдығына 10-сыныпта ашық тәрбие сафаты, «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер жасалды.**





Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің, әз Наурыз!» апталық: «Ұлкенге – құрмет, кішіге ізет» білім мекемесі басшыларының үйде оқитын балаларды құттықтауы, «Ұлы дала ойындары» ұлттық спорт түрлерін насихаттау мақсатында спорттық сайыстар, «Салтым – асыл қазынам!» 3-сыныпта ашық тәрбие сафаты, «Наурыз - тарту» тақырыбында ұлттық тағамдар байқауы, «Құлтегін» зияткерлік сайысы, «Қош келдің, әз - Наурыз!» мерекелік концерт өткізілді.






Көктемгі демалалысқа іс-шара жоспары жасалды. Оқушылардың үйірмелерге, спорт секцияларымен қамтылуы, қатысуы қадағаланды. Мектеп оқушыларының театрға, мұражайларға, Оқушылар үйіне, тарихи орындарға экскурсиясы үйымдастырылды.



Дене тәрбиесі бірлестігінің үйымдастыруымен «Спорт – денсаулық кепілі» айдарымен 5-8, 9-11 сынып оқушылары арасында футбол, волейбол түрлерінен жарыс өтілді.



Сәуір айының алғашқы аптасында 1-11 сыныштарда III тоқсан қорытындысына арналған сыныштар бойынша ата-аналар жиналыстары, «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер, «Құстар біздің досымыз» 5-7 сынып оқушыларымен кеш, «Бекзат Саттарханов – спорт жұлдызы» 9-сыныпта ашық тәрбие сағаты, «Мен салауатты өмірді қолдаймын!» тақырыбында 1-4 сыныштар, 5-11 сыныштарда спорттық іс-шаралар, «Құқықтық сана - қауымға пана» жобасы аясында «Қылмыссыз болашақ» атты тақырыпта кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу айлығы етті.







1 мамыр – Бірлік күніне "Бірлігі жарасқан Қазақстан" апталық, апталық барысында «Достық», «Бірлік» сабактары, «Шебердің қолы ортақ» қолөнер көрмесі, «Ырыс алды - ынтымак» спорттық жарыстар, «Береке бастауы - бірлік» мерекелік концерттөкізді.





Мамыр айы Ұлы Женіс мерекесіне арналған «Ерлік - елге мұра» тақырыбында апталық, «Ұрпаққа ұран болған ұлы Женіс» 10-сынып ашық тәрбие сағаты, «Ел мен ердің женісі!» балалар шығармашылығы көрмесі, «Ән – Женістің серігі» патриоттық әндер байқауы, «Соғыс батырларына мәңгілік құрмет!» тыл ардагерлерімен, соғыс ардагерлері ұрпақтарымен кездесу, Ұлы Отан соғысындағы Женіс күніне арналған ескерткіштерге гүл шоқтарын қою рәсімі және «Ұрпаққа ұранболған ұлы Женіс» атты мерекелік концерт өтті.



**«Шынайы және сатылмайтын еңбек»** тақырыбы төңірегінде 5-9 сыныптарда «Адал ұрпақ» еріктілер клубының ұйымдастыруымен оқушылар арасында суреттер байқауы, «IT – келешегі кемел сала» 9,10,11-сынып оқушылары арасында пікірсайыс, «Шынықсаң шымыр боласың» 7-сыныпта тәрбие сағатынан кейін, 1-11 сынып оқушыларын «Жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігі» қауіпсіздік


ережелерімен таныстыру жұмыстар жүргізілді.



18.05.2023 жылы оқу жылын қорытындылауға арналған жиналыш ата аналар жиналышы өтілді.





**«Асыл сөзді іздесен, Абайды оқы ерінбе!» тақырыбында Абай шығармалары бойынша көркем сөз оқу сайысын өткізді**



**«Тарихыңды тани біл» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді**



**5 А және 5 Ә сыныптары арасында «Жұлдызды сәт» атты сайыс сабак**




**5 А және 5 Ә сыныптарына «Сынып көшбасшысы» атты сайыс сабағы**




**5 және 6 сыныптарына «Көңілді эстафета» атты сайыс сабак**



**«Ереже-мектептің негізгі заңымен оқушыларын «Мектеп ережесімен», мінез-құлық  
ережелерімен таныстыру**




**«Тіл мәртебесі –ел мәртебесі» тақырыбындағы онкүндік іс-шаралар**




**«Отбасы өмірдің мәні», «Отбасы- бақыт мекені» тақырыбындағы  
мерекелік іс-шаралар**



**«Абайлаңыз балалар» жол-көлік оқиғасының алдын алу мақсатында  
апталық жұмыстар жүргізілді**



«Окуға құштар мектеп» жобасы аясында көрнекті қоғам қайраткері, публицист, ғалым, аудармашы, ақын, әдебиет зерттеуші, түркітанушы  
А. Байтұрсыновтың туғанына -150 жыл.



«Жас ұлан», «Жас қыран» мүшелерімен жұмыс




## «Алтын күз» тақырыбында апталық іс-шара





«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым М. Әуезовтің туғанына 125 жылдығына орай «М. Әуезов - қазақ әдебиетінің тарланы» атты тақырыпта конференция



**Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында «Әлеуметтік желі», "Ғаламтор біздің өмірімізде" 8 -10 сыныптар арасында пікірталас**



**«Салауатты өмір салты – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен мектеп медбикесінің қатысуымен әңгіме өткізілді**



**«Діни экстремизм және оның алдын алу» тақырыбында теолог мамандардың қатысуымен кездесу**




**«Есірткі және құқық бұзушылық» тақырыбында құқық қорғау органдары қызметкерлері А. Каюпов пен Д. Әшімбековтердің қатысуымен кездесу**



**«Бүгінгі оқушы – ертеңгі студент» тақырыбында студенттермен кездесу**



**«Шебер қолдар» үйірмесінің ұйымдастыруымен өткізілген аспазшылар және суретшілер байқауы**



**Қала әкімінің жаңа жылдық шыршасына аз қамтылған 4 окушы қатысып  
қайтты**



**«Қарттарға қамқорлық» акциясы**



**Ашық тәрбие сағаттары**

